



# QAZAQ UNIVERSITETI



Апталық  
1948 жылдың  
20 сәуірінен  
шыға бастады

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ АПТАЛЫҚ ГАЗЕТ

WWW.FARABI.UNIVERSITY

№2 (1915) 22 ҚАҢТАР 2024 ЖЫЛ

## Мерейтойлық жыл салтанатты түрде ашылды



**Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Әл-Фараби кітапханасында білім ордасының 90 жылдығына орай, мерейтойлық жылдың ашылу салтанаты өтті.**

Мерейтойлық жиынға ҚР ғылым және жоғары білім вице-министрі Дархан Ахмед-Заки, Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Директорлар кеңесінің төрағасы, ҚазҰУ Түлектері қауымдастығының президенті Қайрат Мәми, мемлекет және қоғам қайраткерлері, университет ардагерлері мен түлектері, оқытушылар, білім алушы жастар және БАҚ өкілдері қатысты.

Құрметті қонақтар үшін университет тарихына арналған сирек фотосуреттер мен кітаптардың, ардагер оқытушылар портреттерінің көрмелері, сондай-ақ университеттің 90 жылдығына арналған ғылыми еңбектер мен тарихи кітаптардың экспозициясы ұсынылды. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ тарихы мен қызметі туралы деректі фильм көрсетілді.

Қазақстан Республикасының ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек ҚазҰУ

ұжымын бейнеүндеу арқылы құттықтады.

«90 жылдық тарихы бар қара шаңырақ бүгінде заман сұранысына жауап бере алатын, біліктілігі мен білімі, тәжірибесі мен таланты бір арнаға тоғысқан сала иелерін даярлауды айқын мақсат етіп келеді. Әлемнің екінші ұстазының есімін иеленген қара шаңырақ ғылым мен білім айдынында жүктелген міндеттерді жоғары нәтижемен жүзеге асырып отыр. Бүгінгі нәтижелі жұмыспен іргелі белестер университет ұжымының табанды еңбегінің арқасы деп бағамдаймын. ҚазҰУ-дың 90 жылдық торқалы тойы 100 жылдық тұғыры биік ғасыр тойына ұлассын», – деп атап өтті министр.

Ашылу салтанатында ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев шараға келген қонақтарды, барша ұжымды университеттің 90 жылдық мерейтойымен құттықтады.

Бұл мерейлі белеске университет үлкен табыстармен жетті. ҚазҰУ халықаралық QS рейтингінде 230-орында. QS Asia университеттері рейтингі бойынша 29-шы сатыда. 90 жылдық тарихы бар университетте 3354 оқытушы-профессор табысты еңбек етуде. Оның ішінде 11 ҚР ҰҒА академигі, ҚР Жоғары мектебінің үш академигі, ҚР Жоғары мектебі

Ғылым академиясының сегіз академигі, жеті ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі бар. Сондай-ақ 603 доктор, 736 ғылым кандидаты, 512 PhD жұмыс істейді. Биыл 32 оқытушы «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы – 2023» республикалық байқауында жеңімпаз атанды.

«Кез келген университет мәртебесі оқытушы ғалымдардың еңбегімен, түлектерінің сапасымен өлшенеді. ҚазҰУ түлектерінің арасында мемлекет және қоғам қайраткерлері, көрнекті ғалымдар, қаламгерлер, кәсіпкер-меценаттар, тәжірибелі дипломаттар жеткілікті. ҚазҰУ әлемнің 650-ден астам жоғары оқу орындары және ұйымдарымен тығыз қарым-қатынаста. 2022 жылы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Түркия мен Қырғызстанға ресми сапары аясында Ыстамбұл, Бішкек қалаларында ҚазҰУ филиалдары ашылды. Университет базасында Ресейдің МИФИ Ұлттық ядролық зерттеу университетінің филиалы жұмыс істейді. 2023 жылы Қазақстан Президентінің Қытайға мемлекеттік сапары барысында ҚазҰУ базасында Солтүстік-батыс политехникалық университетінің филиалын ашу туралы келісілді. Филиал 12 қазанда ашылды», – деп атап өтті ректор.

Жалғасы 2, 8-беттерде

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың 90 жылдық мерейтойы аясында университет базасында химиялық гальваникалық қаптамалар шығаратын Chemical Coating innovations ғылыми-өндірістік орталығы ашылды.

## Химиялық ғылыми-өндірістік орталық іске қосылды



Орталықтың ашылу рәсіміне ҚР ғылым және жоғары білім вице-министрі Дархан Ахмед-Заки, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры

Жансейіт Түймебаев, оқу ордасының оқытушы-профессорлар құрамы мен ғалымдары қатысты.

Жалғасы 2-бетте

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде «Әлемнің этнотілдік бейнесі және түркі мұрасы» атты II халықаралық конгресс өтті. Әлемдегі этнотіл байлығын сақтау мен зерттеуге байланысты өзекті тақырыптарды талқылауға арналған жиында тәжірибелі түркітанушылар, лингвистер мен мәдениеттанушылар бас қосты.

## ҚазҰУ-да түркітанушылар конгресі өтті



Конгресті Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Түркология және алтаистика ғылыми-зерттеу институты және ҚР Ғылым академиясының А.Байтұрсынов атындағы Тіл білімі институты бірлесіп ұйымдастырды.

Іс-шара аясында ҚазҰУ мен А.Байтұрсынов атындағы Тіл білімі институтының ғылыми-зерттеу жобаларының таныстырылымы өтті.

Жалғасы 2-бетте



Тарихы терең,  
тағылымы  
мол ҚазҰУ

3 >>



Фарабитану –  
ғылыми  
ізденістерімнің  
басты мақсаты

4 >>



Обсудили  
развитие  
современной  
судебной  
системы

5 >>



## ҚазҰУ-да түркітанушылар конгресі өтті



Соңы. Басы 1-бетте

Іс-шараны Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев және университеттің 90 жылдық мерейтойы аясындағы конгрестің түркология саласындағы өзектілігіне тоқталды.

Ректор Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Егемен Қазақстан» газетіне берген сұхбатында бауырлас халықтардың мәдени-гуманитарлық байланыстарын нығайтудың маңыздылығына баса мән бергенін айрықша атап өтті.

Жансейіт Түймебаев конгреске қатысушы көрнекті ғалымдарды таныстырып, «Соңғы уақытта түркі мемлекеттері мен түркітілдес халықтардың ынтымақтастығының артып, гуманитарлық байланыстарға, ғылым мен білім саласындағы интеграцияға ерекше назар аударылуда. Бүгінгі конгресс – біздің тығыз қарым-қатынасымыздың жемісті нәтижесі», – деді.

«Бүгінде университетте Түркология және тіл теориясы кафедрасы табысты жұмыс істеуде. ҚазҰУ базасында Түркітану және алтайтану ғылыми-зерттеу институты құрылды. Қазіргі уақытта орталық мамандары сирек қолжазбалар

мен көне кітаптарды зерттеу бойынша ауқымды зерттеу жұмыстарын жүргізуде. Біз түркі тілдерінің жалпы сөздігін құруға ниеттіміз. Іс-шара түрлі тілдер мен мәдениеттерді қолдау үшін диалог пен білім алмасуды ынталандыруға, түркология мен алтаистиканың тілдік әртүрлілігін сақтау мен ілгерілетуге бағытталған», – деп атап өтті университет басшысы.

Түркі академиясының вице-президенті Асхат Кесікбаев жиын қатысушыларына құттықтау сөз сөйледі.

Пленарлық отырыста Қазақ тілі академиясының және Халықаралық түркология орталығының президенті, ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі Ерден Қажыбек, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ профессоры Элеонора Сүлейменова, Өзбек мемлекеттік әлем тілдері университетінің профессоры Дусмамат Құлмаматов, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Түркология және тіл теориясы кафедрасының меңгерушісі, профессор Раушангүл Авакова және т.б. сөз сөйледі.

Света ӘБІЛҒАЗЫҚЫЗЫ

Басы 1-бетте

ҚазҰУ 2022 жылы «зерттеу университеті» мәртебесін алғаннан кейін ғылымға басымдық бере бастады. Соңғы үш жылда университет ғылымынан түскен табыс екі есеге жуық өсті. Қазіргі таңда 8,5 миллиард теңгенің гранттық жобалары орындалуда. 2023 жылы ҚазҰУ ғалымдары ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитетінен 3,8 млрд теңгенің мегагрантын ұтып алды.

2024-2027 жылдар аралығында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың қолдауымен ҚазҰУ құрылысының II кезеңі салы-

нады. Әрқайсысы 1060 орындық, жалпы 3180 орынға арналған заманауи үш жатақхана құрылысы жүрде. Бұдан бөлек, оқу корпусы, спорттық-сауықтыру орталығы, инновациялық орталық, ғылыми-зерттеу орталығы, технопарк жоспарланған. Оқу орнының 90 жылдық мерейтойына орай, ҚазҰУ-да Орталық Азиядағы алғашқы Индустрия 4.0 модельдік фабрикасын құру жоспарлануда. Сондай-ақ ҚазҰУ-да Қытай үкіметімен келісілген Silicon Valley моделі бойынша IT-технопарк құру

## Химиялық ғылыми-өндірістік орталық іске қосылды

Соңы. Басы 1-бетте

Жоба ҚР ҒЖБМ Ғылым қорының қаржылай қолдауымен жүзеге асып отыр. Мұнда ғалымдар машина жасау және техникалық құрал жасау қажеттіліктері үшін, сондай-ақ кәдесыйлар мен зергерлік бұйымдары өңделіп, арнайы гальваникалық қаптамалар шығарумен айналысады.

Ашылу салтанатына жиналғандар алдымен өндірісті аралап, материалдық-техникалық базамен танысты. Жоба жетекшісі Алина Галиева қонақтарға ғылыми-өндірістік орталық туралы ақпарат беріп, кеңінен таныстырды.

Орталық жұмысымен танысқан вице-министр Дархан Ахмед-Заки ғалымдардың жұмысына сәттілік тілеп, отандық ғылымды дамытуда заманауи өндірістерді дамытудың маңызды екенін жеткізді.

Өз кезегінде ҚазҰУ басшысы Жансейіт Түймебаев: «ҚазҰУ-да дайындалатын гальваникалық қаптамалар



өнімнің қызмет ету мерзімін ұзартады. Яғни бұл өндірушіге де, тұтынушыға да пайдалы. Бұл – тат басудан қорғаудың жаңа әрі тиімді әдісі. Сондай-ақ жаңа орталық өндіріс технология және операторы мамандарын даярлайды», – деп атап өтті.

Жобаны іске асыру өнеркәсіп секторының нақты сұранысына негізделген. Теміржол саласының алпауыты саналатын француздық ALSTOM компаниясының технологиясы бойынша теміржол автоматикасын шығаратын машина жасау зауыты

– «ҚазЭлектроПривод» БК ЖШС халықаралық стандарттарға сәйкес қапталатын қорғау қаптамаларын алу технологиялары мен қызметтерін қажет етті. Осы ретте Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да электрохимиялық технологиялардың тұтас жүйесі әзірленген, олардың ішінде әртүрлі мақсаттағы электролиттік қаптамаларды алу технологиялары коммерцияландыруға ұсынылды.

Айнұр АҚЫНБАЕВА

**Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев оқу ордасына арнайы келген бірқатар түркітанушы ғалымдармен кездесті.**

Делегация құрамында филология ғылымының докторы, профессор Николай Егоров, филология ғылымының докторы, Өзбек мемлекеттік әлем тілдері университетінің профессоры Дусмамат Құлмаматов, тарих ғылымының кандидаты, РҒА Шығыстану институты Шығыс тарихы бөлімінің меңгерушісі Александр Васильев, ф.ғ.д., «Crede Experto: көлік, қоғам, білім, тіл» халықаралық ақпараттық-сараптамалық журналының ғылыми-редакциялық алқасының мүшесі Иннокентий Новгородов бар.

Әңгіме барысында еліміздегі және әлемдегі түркітану саласының дамуы сөз болып, түркологияның өзекті мәселелері талқыланды.

Жүздесуде Жансейіт Түймебаев құрметті қонақтарға ілтипат білдіре отырып, түркологияның өзекті мәселелері бойынша ҚазҰУ ғалымдары ауқымды жұмыстарды жүзеге асырып келе жатқанын атап өтті.

## Ректор түркітанушы ғалымдармен кездесті



Бүгінде университетте Түркітану және тіл теориясы кафедрасы табысты жұмыс істеп келеді. Сонымен қатар оқу ордасының базасында Түркітану және алтайтану ғылыми-зерттеу институты құрылды. Қазіргі таңда институт мамандары сирек кездесетін қолжаз-

балар мен көне кітаптарды сараптап, кеңінен зерттеу жұмыстарын қолға алды.

Түркітанушы шетелдік ғалымдар ҚазҰУ-дың зор әлеуе-

тін ерекше атап өтіп, өзара тиімді ынтымақтастыққа мүдделі екендіктерін танытты. Сондай-ақ түркітанушы ғалымдар түркі, башқұрт және саха тілдерінде ортақ сөздік жасауды ұсынды.

Нұрсұлтан БАЗАРБАЙҰЛЫ

## Мерейтойлық жыл салтанатты түрде ашылды

Республикасы ғылым және жоғары білім министрінің Құрмет грамотасы мен Алғыс хаты табысталды.

Іс-шарада ҚР оқу-ағарту министрі Ғани Бейсенбаевтың құттықтау хаты оқылып, сахнаға Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Директорлар кеңесінің төрағасы, ҚазҰУ Түлектер қауымдастығының президенті Қайрат Мәти шәкірылды. Ол ҚазҰУ оқытушылары мен профессорларына төрт «Еңбек ардагері» медалін және бес «Ыбырай Алтынсарин» төсбелгісін табыстады.

ҚазҰУ ректоры Жансейіт Түймебаев профессор Ержан Жатқанбаевқа «Әл-Фараби» үлкен алтын медалін табыс етті. Күміс медальмен профессорлар: Григорий Мун, Зухра Исмағамбетова, Айгүл Рамазан марапатталды. Сондай-ақ ректор 15 оқытушыға ҚазҰУ-дың «Ерен еңбегі үшін» төсбелгісін табыс етті. Салтанатты іс-шара мерекелік концертпен аяқталды.

Нұрсұлтан ЖЕКСЕНБАЕВ



# Тарихы терең, тағалымы мол ҚазҰУ

**15 қаңтар – Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың ресми құрылған күні. 90 жылдық мерейтойға орай ҚазҰУ ұжымын құттықтап, жылы лебізін білдірген ақ тілек хаттар университет ректоры Жансейіт Түймебаевтың атына жан-жақтан келіп түсуде. Еліміздегі іргелі оқу орнының қуанышына ортақтасып, игі тілегін арнаған барша тілектес жандарға алғыс айтамыз.**



**Құрметті Жансейіт Қансейітұлы!**

Назарбаев университетінің атынан сізді және Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ұжымын оқу орнының 90 жылдық мерейтойымен шын жүректен құттықтаймын! Осы айтулы манызды оқиғаны біз үлкен қуаныш және мақтаныш деп білеміз.

1934 жылы құрылған Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті академиялық шеберліктің үлгісі және Қазақстандағы жоғары білім берудің ізашары болып табылады. Ершіл жоспарларымен, ауқымды реформаларымен және керемет жетістіктерімен ерекшеленген дәуірде сіздің жоғары оқу орныңыз ұлттың зияткерлік және мәдени ДНҚ-сына айтарлықтай үлес қосты.

Біз ҚазҰУ-дың Назарбаев университетімен отандық ғылым мен білімді ілгерілетудегі жемісті ынтымақтастығын терең бағалаймыз. Университеттің білімге және елдің жаңа ұрпағы үшін жоғары білікті мамандарды дайындауға ұмтылысы Қазақстан Республикасының өсіп-өркендеуіне ықпал етіп қана қоймай, Орталық Азия өңіріне және одан тысқары жерлерге өзінің оң ықпалын таратты. Экономиканы, бизнесті және бүкіл қоғамды алға жылжытатын көшбасшылардың келесі ұрпағын тәрбиелеуге деген сіздің еңбегіңіз жоғары бағаға лайық.

Біз еліміздің академиялық құрылымындағы университеттің рөлін жоғары бағалаймыз және университет түлектерінің қосқан орасан зор үлесін, сондай-ақ сіздің ғылыми зерттеулеріңіздің нәтижелерін мойындаймыз.

ҚазҰУ-ға алдағы уақытта табыс пен өркендеу тілеймін. Келесі тоқсан жыл сіздер үшін бұдан да зор жетістіктермен, инновациялармен және жақсы нәтижелермен ерекшеленсін.

Сізді осы айтулы мерейтоймен тағы да құттықтай отырып, университеттеріміздің арасындағы ынтымақтастық пен достықтың одан әрі жалғасатынына үміттенемін.

**Құрметпен,  
Қадиша ДАЙЫРОВА,  
Назарбаев университеті президентінің м.а.**

**Құрметті Жансейіт Қансейітұлы және Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ұжымы!**

Сіздерді еліміздің көшбасшы университетінің 90 жылдық торқалы мерейтойымен шын жүректен құттықтаймын!

Бәріміз үшін киелі шаңырақ болған білім ордасы – Қазақстанның ғылымы, қоғамдық-саяси өмірі мен экономикасына елеулі үлес қосып келе жатқан жетекші оқу орны. Өз тарихында университет мыңдаған жоғары білікті маман даярлап шығарды. Олардың бірқатары көрнекті ғалым, еліміздің құрметті қайраткерлері, ірі өндіріс және білім беру жүйесі ұйымдарының жетекшілері ретінде қызмет атқарып, республикамыздың мемлекеттік тұғырын нығайту жолында абыройлы еңбек етуде.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті – отандық жоғары білім беру жүйесінің қара шаңырағы. Университеттің қалыптасуына белгілі ұлт қайраткерлері – Мұхтар Әуезов, Ермахан Бекмаханов, Төлеген Тәжібаев, Әмірбек Жолдасбеков, Салық Зиманов, Сұлтан Сартанов және басқа да көптеген көрнекті тұлғалар зор үлес қосты. Сонымен қатар университет түлектерінің арасынан көптеген министрлер, Жоғарғы сот төрағасы, бас прокурор, орталық сайлау комиссиясының төрағасы, парламент төрағасы мен депутаттары болған түлектерімізді мақтан тұтамыз.

**Құрметті Жансейіт Қансейітұлы!**

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің құрылғанына 90 жыл толуына орай, сіздерді үлкен құрметпен және шынайы мақтанышпен құттықтаймын!

1934 жылы құрылған сәттен бастап сіздің университетіңіз тек Қазақстанда ғана емес, әлемдегі жоғары білімнің флагманы ретінде қызмет ететін білім және ғылым саласында тұрақты, жетекші орынға ие болды. Университеттің ғылыми-зерттеу, білім беру және тәрбиелеу саласындағы ерекше жетістіктер жоғары мақтанышқа лайық. Сіздің түлектеріңіз біздің заманымыздың тарихы мен мәдениетінде зор үлес қосып жүр және әртүрлі салаларда бірегей жетістіктерді көрсетуді жалғастыруда. Бұл олардың таланты мен та-

Университетте Қазақстанның қарқынды дамуына қажетті мамандар даярлайтын академиктер, профессорлар, ғылым кандидаты мен философия докторлары, Қазақстан Республикасына еңбек сіңірген қайраткерлер, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаттары, сондай-ақ мемлекеттік ғылыми стипендияның стипендиаттары сабақ береді.

Бүгінде Farabi university ғылым мен білім берудің халықаралық кеңістігінде лайықты орынға ие болып, жоғары білім саласында жетекші университеттердің біріне айналды.

**Құрметті Жансейіт Қансейітұлы!**

Сіздің басшылығыңызбен университетіміз келешекте тек елімізде ғана емес, әлемдік деңгейде өзіндік орны бар беделді білім ұясына айналатынына сенемін.

Университет ұжымына шығармашылық табыс, жемісті еңбек, отбасыларына бақ-берекке тілеймін! Білім ордамыздың тұғыры мығым, еңсесі биік болсын! Әрбір бастаған ісіміз табысты болсын!

**Ізгі ниетпен,  
Қайрат МӘМИ,  
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ  
Директорлар кеңесінің  
төрағасы, ҚазҰУ Түлектер  
қауымдастығының төрағасы**

бандылығы үшін ғана емес, сонымен қатар оқу ордасында алынған жоғары сапалы білімнің дәлелі.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті сіздің басшылығыңызбен бірегей дәстүрлер мен мәдениетті сақтай отырып, әлемдік білім беру және ғылыми кеңістікке сүбелі үлес қосуын жалғастырады. Сіздерді және университет ұжымын осы атаулы мерейтоймен құттықтаймын!

Университетке жаңа жетістіктер, өркендеу, біздің қоғамның және бүкіл әлемнің игілігі үшін әрі қарай дамуды тілеймін.

**Ізгі ниетпен,  
Берік ҚАНИЕВ,  
«Lancaster Group Kazakhstan»  
АҚ Директорлар кеңесінің  
төрағасы**

**Құрметті Жансейіт Қансейітұлы!**

Түркі академиясы және жеке өз атымнан шынайы ілтипатымды білдіре отырып, осы хат арқылы өзіңіз басқарып отырған Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің 90 жылдық мерейтойы құтты болсын деген тілегімді білдіргім келеді.

Тарихы тереңге бойлайтын Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Қазақстан Республикасында ғана емес, Орталық Азия мен ТМД елдері ішіндегі жетекші университеттердің қатарынан орын алады.

Қазақ ұлттық университеті – жоғары білім беру кеңістігінде әлемдік деңгейдегі университет екенін ғылыми ізденістері мен қызметі арқылы дәлелдей алған білім ордасы. Университет ғылыми жетістіктері мен бәсекеге қабілетті мамандар-

ды даярлау тұрғысынан да көш бастап тұр.

Қазақстан және, жалпы алғанда, түркі әлемінің ғылыми әлеуетінің жоғарылауына зор үлес қосып келе жатқан Қазақ ұлттық университетінің торқалы тойы құтты болсын! Болашақта да өзіңіз басшылық етіп отырған білім ордасының талай шыңдарды бағындыра береріне сенім артамын.

Осы орайда, сізге және университет ұжымына құрмет сезімді жеткізе отырып, түркі дүниесінің білімі мен ғылымын одан әрі дамытып жатқан істеріңіздің жемісті жалғасатынына тілектестік білдіремін.

**Құрметпен,  
Шахин МҰСТАФАЕВ,  
Түркі академиясының  
президенті, т.ғ.д., академик**

**Құрметті Жансейіт Қансейітұлы!**

Сізді және Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ұжымын университеттің 90 жылдық мерейтойымен шын жүректен құттықтаймын!

Тоқсан жылдан бері Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ өзінің үздік дәстүрлерін сақтап, Қазақстанның ғана емес, бүкіл әлемнің білім беру жүйесінде биік орынға ие болған бірегей жоғары оқу орындарының біріне айналды. Университет түлектері Қазақстанның барлық салаларында жемісті қызмет атқарып, мемлекетіміздің экономикалық, саяси және әлеуметтік дамуына баға жетпес үлес қосуда.

Қазақстанның жетекші университеті ретінде Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ әлемдік қо-

ғамдастыққа мыңдаған шетелдік студенттерді дайындап, Қазақстанның жоғары білімінің беделін едәуір көтерді.

Университет түлегі ретінде, Жансейіт Қансейітұлы, сізді, бүкіл профессор-оқытушылар құрамын және Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың мыңдаған студент жастарын осы айтулы күнмен құттықтаймын. Сізге зор денсаулық, мол табыс, жоғары рейтингтер мен дарынды студенттер тілеймін!

**Құрметпен,  
Шахрат НҰРЫШЕВ,  
Қазақстан  
Республикасының  
Қытай Халық  
Республикасындағы  
төтенше және өкілетті елшісі**

**Құрметті Жансейіт Қансейітұлы!**

Сізді және сіз басқарып отырған оқу ордасы – Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің 90 жылдық мерейтойымен құттықтаймын!

«Талпыныс тәжі – табандылық» деген тәмсілді айтып, адамзаттың «екінші ұстазы» атанған Фараби университетінің ғылым мен жоғары білім кеңістігіндегі беделі биік. Оқу орнындағы талпынған студенттердің тоқпағы тасқа шеге қа-

ғып, табандылықпен ел мүддесіне еңбек етіп жүрген түлектеріңіз де баршылық.

Жаһандық және отандық рейтингтерде топ жарып келе жатқан оқу орнының стратегиялық бастамалары қашанда құпталып, ғылым шеңберіндегі мәселелердің инновациялық шешімдерін тауып келеді. Мінберден ұлт қамын күйттеп, рухани кемелденуді азаматтық ұстаным еткен Farabi university ұжымына айтулы күні кәсіби-

шығармашылық жетістіктер тілеймін.

Университетте қоғамдық белсенділігі жоғары, таным көкжиегі кең ұрпақтар арасындағы рухани сабақтастықтың ғұмырлы болатынына бек сенімдімін.

**Ержан ӘМІРБЕКҰЛЫ,  
«Ы.Алтынсарин атындағы  
Арқалық педагогикалық  
институты» КеАҚ Басқарма  
Төрағасы – Ректор**



**Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде экономика ғылымының кандидаты, ардагер ұстаз Мәди Байдәулетұлының 75 жылдық мерейтойына арналған «Есеп және аудит: дамуы және перспективалары» атты дөңгелек үстел отырысы өтті.**

## Қаржы саласының қауіраткері



Халықаралық деңгейдегі шараға Қаржы министрлігінің және еліміздегі ЖОО өкілдері, ҚазҰУ басшылығы, зиялы қауым, Индонезия, Чехия, Польша мемлекетіндегі белгілі ғалымдар, оқу ордасының оқытушы-профессорлар құрамы мен білім алушы жастар қатысты.

Дөңгелек үстел отырысын Басқарма мүшесі – ғылыми-инновациялық қызмет жөніндегі проректор Жәмила Айтжанова ашып, ҚазҰУ ректоры Жансейіт Түймебаев пен ұжымның атынан мерейтой иесін құттықтады. Сонымен қатар өз сөзінде проректор өзіндік қолтаңба қалыптастырған ардагер ұстаздың еңбек жолына тоқталды.

және бизнес жоғары мектебінің деканы Лейла Бимендиева: «Мәди Байдәулетұлы өз жұмысына парасаттылықпен, жауапкершілікпен қарайды. Биыл Мәди Байдәулетұлының ұстаздық қызметіне – 45 жыл. Бүгінге дейін ұстаздықты қатар алып жүріп, бірнеше оқулық пен оқу құралдарын жазды. «Бухгалтерлік есеп», «Қаржылық есеп», «Аудит» пәндерінен сегіз оқулық пен оқу құралдарының, 80-нен астам ғылыми және танымдық мақалалардың авторы. Сол жазылған еңбектер университеттің оқу процесінде жиі қолданылады», – деді.

Дөңгелек үстел отырысына қатысушылар есеп және аудит саласындағы,



«Мәди Байдәулетов 1972 жылы Алматы халық шаруашылығы институтына «Ауыл шаруашылығындағы бухгалтерлік есеп» мамандығы бойынша оқуға түсті. Аталған білім ордасын 1976 жылы бітірді. 2005 жылы «Түйе шаруашылығы өндіріс есебі және аудиті» тақырыбында кандидаттық диссертация қорғады. Еңбек жолын Орталық статистика басқармасы, Кадрларды дайындау және білім көтеру басқармасында есепті механикаландыру бойынша аға инженер болып бастады. Бүгінге дейін Мәди Байдәулетұлы түрлі лауазымдарда табысты жұмыс істеді. Қазір экономика және қаржы саласына білікті кадрларды даярлау мақсатында университетте жемісті еңбек етіп келеді. Білімді шәкірттер тәрбиелеп, өзінің ғылыми мектебін қалыптастырды», – деді проректор. Өз кезегінде Экономика

сондай-ақ бәсекеге қабілетті, жоғары білікті мамандарды даярлау мәселелерін талқылады.

Жиында Индонезиядағы Ислам экономикасы және құқық колледжінің профессоры Ахмад Афанди, экономика ғылымының докторы, профессор Өтеғали Шеденов, Польшадағы Белосток технологиялық университетінің профессоры Черевач Катажина сөз сөйледі. Сонымен қатар Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің, Тұран және Нархоз университеттерінің, Қазақ ұлттық аграрлық университетінің, Абылай хан атындағы ҚазХҚЖӘТУ-дің өкілдері көрнекті ғалымды мерейтойымен құттықтады.

Жиын соңында Мәди Байдәулетұлы жиналғандарға алғысын білдіріп, ризашылығын жеткізді.

**Нұрсұлтан  
БАЗАРБАЙҰЛЫ**

## Фарабитану – ғылыми ізденістерімнің басты мақсаты

**Мен «Qazaq universiteti» газетін 1976 жылдан бері оқимын әрі онда ғылыми-көпшілік мақалаларымды жариялап келемін. Бұл газеттің ғалымдар үшін де, студенттер үшін де алар орны ерекше. Газет 1948 жылдан бастап шығып келеді. Яғни менімен құрдас деуге де болады.**



Қазіргі таңда «Qazaq universiteti» газеті дәстүрлі қағаз түрінде де, сонымен қатар электронды түрде де жарияланып келеді. Ал енді сол кездегі С.Киров атындағы ҚазМУ-да, яғни қазіргі Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да елу жылға жуықтаған ғұмырым туралы айта кетсем. Сонау 1976 жылы осы университеттің Философия тарихы және логика кафедрасына аспирантураға түсіп, сол кездегі кафедра меңгерушісі, философия ғылымының докторы, ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі, профессор, белгілі фарабитанушы, танымал ғалым Ағын Хайроллаұлы Қасымжановтың шәкірті атандым. А.Қасымжановтың философиялық мектебі менің ғұмырыма үлкен рухани өзгерістер алып келді. Сол жылдардан бастап қазақ философиясы, фарабитану ғылыми ізденістерімнің басты мақсатына айналды.

Менің бар ғылыми өмірім Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетімен және бүгінгі таңда 75 жасқа толып жатқан «Qazaq universiteti» басылымымен байланысты дер едім.

Студент, аспирант, кандидат, доктор, профессор сынды сатылап жоғарылаған ғылым-ғұмырым толықтай осы «Qazaq universiteti» газетімен тікелей байланысты. Ғасырлар ғұлаамы саналған әл-Фараби есімі аталғанда бәріміз елең етеміз. Әл-Фарабиді танып білуге деген қызығушылық менің жан-бойымды баурап алды. Білсеңіз, менің жүрегім мен ақыл-ойым осы әл-Фарабиде болды. Себебі Қазақстанда Әбу-Насыр әл-Фараби мұраларына деген қызығушылық аудару, зерттеу, насихаттау жұмыстары мен әрекеттері ХХ ғасырдың 60-70 жылдарынан басталып, Қазақстан фарабитанудың әлемдегі ең үлкен орталықтарының біріне айналды. Қазақстандық фарабитанудың басында, негізгі ұйытқысы, мұраларын тұңғыш іздеуші, аударушы, мәселені көтеруші ретінде А.Машани мен А.Көбесов, Ә.Әлімжанов есімдері аталса, ол 1968 жылы ҚазКСР ҒА Философия және құқық институтында әл-Фараби мұраларын зерттейтін шығармашылық топ құрылды. Топты ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі, философия ғылымының докторы, профессор А.Х.Қасымжанов үйлестірді.

Әбу Насыр әл-Фарабидің өмір жолы мен энциклопедиялық ғылыми мұрасы, рухани әлемі оның көзі тірі кезінде-ақ сол заман ғалымдарының назарын өзіне аударма бастаған. Фараби өмірден өткеннен кейін бұл зерттеулер бүгінде әлемнің алуан тілде жазатын ғалымдар шығармаларымен толығып,

«Фарабитану» атты тұтас бір ғылым саласына айналды. Фарабитануды құрайтын сол мұраны шартты түрде бес топқа жіктеуге болады. Бірінші топқа ортағасырлық араб, парсы ғалымдарының жазбалары кіреді. Екінші топқа фарабитанудың тағы бір үлкен саласын ХІХ-ХХ ғғ. Мысыр, Сирия, Ливан, Иран және Ауғанстан ғалымдары толықтырды. Фарабитанудағы үшінші топты батыс авторлары құрайды. Бұл саладағы Фараби мұрасына қызығушылық ХV ғасырдан басталды. Фарабитанудағы төртінші топқа патшалық Ресей және кеңес заманындағы шығыстанушылар жатса, фарабитану ғылымының бесінші тобына түркітілдес халықтар ғалымдарының еңбектерін жатқызуға болады.

«Qazaq universiteti» газетінде осы жоғарыда келтірілген оқиғалар әр жылдарда, кезең-кезеңімен жарияланып отырды. Жоғарыда келтірілген Әл-Фараби ғылыми-зерттеу орталығында ғалым-хатшы болып, басшылық қызметте де және қазіргі таңда ғылыми кеңесшілік қызметімде де фарабитану, жалпы ғылыми мәселелер төңірегіндегі өз пікірлерімді, ғылыми тұжырымдарымды аталмыш газетте жариялаудамын.

Жоғарыда аталған ғылыми шығармашылық топтың арқасында ұлы ғұлама әл-Фарабидің шығармашылығымен, қолжазбаларымен мұқият танысуға зерделі зерттеулер басталып кетті. Өткен ғасырдың соңғы ширегінде А.Қасымжанов, М.Бурабаев, Ә.Дербісалиев, Қ.Жарықбаев, Г.Шаймұханбетов, С.Сатыбековалардың еңбектері қазақстандық фарабитану кеңістігін ұлғайта түсті. Алғаш рет әл-Фарабидің «Философиялық трактаттары», «Әлеуметтік-этикалық трактаттары», «Логикалық трактаттары», «Математикалық трактаттары», сондай-ақ «Птолемейдің «Алмагестіне» түсініктеме» атты мирастары қазақ-орыс тілдерінде жарық көрді. 1970 жылдары кеңестік қоғамның академиялық ортасында әл-Фарабидің (870-950) философиялық мұрасына ерекше қызығушылық пайда болды. Бір қарағанда осы бір асыл мұра Орталық Азиядағы ойшылдың Отанында, сондай-ақ Ресей мен бүкіл Кеңес Одағында зиялылар қауымына енді ғана белгілі бола бастаған немесе ежелден беймәлім сияқты көрінді. Бұл қызығушылық белгілі бір дәрежеде Ресейде білім алған және академиялық шыңдалудан өткен ортаазиялық философтардың өз өңірлерінің зияткерлік келбетін жасауға деген ұмтылысынан туындады. 1970 жылы Алматыда әл-Фарабидің таңдамалы философиялық

трактаттары үзінділерінің аудармасы жасалды, одан кейін математика, әлеуметтік-этикалық мәселелер, логика бойынша трактаттарының үзінділері жарыққа шықты. Бұдан әрі кеңес идеологиясының қағидаларына сәйкес жасалған философия тарихына әл-Фарабидің қосқан үлесін қорытуға арналған еңбектер пайда бола бастады.

Қазақстанда әл-Фараби есімі ХХ ғасырдың 70-жылдары айрықша танымал болды. Бұл ең алдымен әл-Фараби ғұмырнамашыларының ІХ-Х ғасырларда бүгінгі Қазақстанның аумағында орналасқан Фарабты оның Отаны деп санауына байланысты еді.

Осы тұста фарабитанудың көпшілікке беймәлім болып келген беттері туралы Алаштың біртуар азаматы Мұстафа Шоқайдың бүгінгі күнге дейін белгісіз болып келген мақаласы жөнінде сөз айтпақпыз. Түркі дүниесінің ұлы ойшылы, философ, ғұлама ғалым, екінші ұстаз әл-Фарабидің «ізгі қала» ілімін зерделеп, ғылыми тұрғыдан қалай негіздеген. Қайраткердің бұл ұстанымы жалпы түркі мұрасын ұлтшылдық және фашистік идеологияға жақындату әрекетінен қорғап, қалай сақтағаны жөнінде өз ойларымды ортаға салуды жөн көріп отырмын. Шоқайдың еуропалық достары ол қайтыс болғаннан кейін жарық көрген бұл мақаласы өте жоғары бағаланған. Бұл туралы да «Qazaq universiteti» газетінде көлемді мақаламыз жарық көрді.

Қорытындылай келе, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің биыл тойланғалы тұрған 90 жылдық мерейтойына орай, жақында менің белгілі «Ғылым» баспасынан 800 беттен асатын «Әл-Фараби және түркі-мұсылман философиясының алтын ғасыры» атты ғылыми монографиям жарық көрді. Бұл монографияның алғы сөзін университет ректоры, филология ғылымының докторы, профессор Жансейіт Түймебаев жазған болатын. Сондай-ақ университеттің 90 жылдығына орай, шәкіртім, жас ғалым Қанат Алтынбекпен бірлесіп «Түркі өркениетіндегі әл-Фараби феномені» атты монографиямен қоса, Философия кафедрасының аға оқытушысы Жадыра Қазиева, жас ғалым Қанат Алтынбектермен бірлесіп «Әл-Фараби Ислам философиясының бастауы» атты ғылыми монографияларымыз да жарық көрді.

Университетіміздің тыныс-тіршілігін насихаттап, ғалымдар мен оқытушылар, сондай-ақ білім алушылардың еңбегі мен жетістігін жариялап, оқу ордасының дамуына қал-қадерінше үлес қосып жүрген «Qazaq universiteti» газетінің 75 жылдық мерейтойымен газет ұжымын және де білім ошағының 90 жылдық мерейтойымен баршаңызды құттықтаймын. Газетіміз бен университетіміз өркендей берсін!

**Жақыпбек АЛТАЕВ,**  
Философия кафедрасының профессоры, Халықаралық Әл-Фараби ғылыми-зерттеу орталығының ғылыми кеңесшісі



Профессор, филология ғылымының докторы Берікбай Сағындықұлы 1957 жылы Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне (ол кезде С.М.Киров атындағы ҚазМУ) оқуға түсіп, өз заманының үздік ғұламаларынан білім, тәлім-тәрбие алды. Университетті бітірген соң, Қазақстанның бас газеті – «Социалистік Қазақстанда» (қазіргі «Егемен Қазақстан») әдеби қызметкер болып қызмет етіп, үлкен шығармашылық тәжірибе жинақтады.

## Ғылымдағы ғибратты ғұмыр



Берікбай Сағындықұлы Қазақ ССР Ғылым академиясы Тіл білімі ғылыми зерттеу институтының тапсырысымен КСРО ҒА Шығыстану институтының аспирантурасын бітіріп, 1977 жылы Мәскеу мемлекеттік университетінің профессоры, филология ғылымының докторы, атақты түрколог ғалым Э.Н.Наджиптиң ғылыми жетекшілігімен филология ғылымының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін «XIV ғасырдағы түркі жазба ескерткіштерінің салыстырмалы лексикасы» деген тақырыпта диссертация қорғады. 1975-79 жылдары Берікбай Сағындықұлы Ғылым академиясындағы «Ғылым» баспасында редактор, редакция меңгерушісі қызметтерін атқарды. 1979 жылы ҚазМУ-дың Қазақ тіл білімі кафедрасына ұстаздық қызметке келген. 1994 жылы «Қазақ тілі лексикасы дамуының фонологиялық заңдылықтары» деген тақырыпта ғылым докторы ғылыми дәрежесін алу үшін докторлық диссертация қорғады.

Берікбай Сағындықұлы Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде аға оқытушы, доцент, профессор, кафедра меңгерушісі, диссертациялық кеңестің мүшесі, кеңес төрағасының орынбасары, кеңес төрағасы ретінде ұзақ жылдар бойы қызмет етті. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы, қазақ тілінің тарихы, тарихи фонетика, түркі тілдерінің тарихи-салыстырмалы лексикасы, түркі тілдерінің тарихи-салыстырмалы грамматикасы, көне жазба ескерткіштер, теология мәселелері бойынша 300-ден аса еңбек жазып жариялады. Олардың ішінде теориялық және қолданбалы маңызы жоғары он екі оқу құралы, үш монографиясын атап өтуге болады. Берікбай Сағындықұлы «Қазақ тілінің тарихи лексикологиясы»,

«Қазақ тілінің тарихи грамматикасы», «Түбіртек теориясы», «Қазіргі қазақ тілі. Лексикология», «Ахмед Йүгінекидің «Һибат-ул хақайиқ» (Ақиқат сыйы) дастаны» сияқты тіл тарихы мен теориясы, түркология салаларында жаңа оқу пәндерін қалыптастырып, дәріс оқыды. Отыздан астам ғылым кандидаты мен докторларын даярлады. Қазақ тіл білімінің, түркітану ғылымына, қазақ филологиясының дамуына зор үлес қосты.

Ұзақ жылдар бойы ғылыми, шығармашылық және ұстаздық еңбегі жоғары бағаланып, Б.Сағындықұлы Қызылорда облысы Қармақшы ауданының құрметті азаматы, Павлодар инновациялық Еуразия университетінің құрметті профессоры, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Ақсақалдар кеңесінің мүшесі. Түркия Республикасы Анкара қаласында шығатын «Bilimsel eksen», «Kultur evreni» ғылыми басылымдарының редколлегия мүшесі болды.

ҚР БЖҒМ «Еңбек ардагері» медалінің, ҚР БЖҒМ «Ыбырай Алтынсарин» төсбелгісінің, «ҚазҰУ-ға – 75 жыл», «ҚазҰУ-ға – 80 жыл» құрмет белгілерінің, Халықаралық түркі академиясының «Vilhelm Tomsen» медалінің, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің «Ерен еңбегі үшін» күміс медалінің, «Қорқыт ата» алтын медалінің, ТҮРКСОЙ-дың «А.Байтұрсынұлы» медалінің иегері атанды.

Берікбай Сағындықұлы Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде 66 жылдан астам уақыт қызмет етіп, 85 жасқа толар шағында дүниеден өтті. Әріптестері мен шәкірттері арасында беделді, сыйлы болды. Отбасы үшін сенімді тірек, сүйікті жар, балалары мен немерелеріне өнегелі еке, ата бола білді. Берікбай Сағындықұлының ғылымдағы ғұмыры, ұстаздық келбеті, жанұяға деген махаббаты адами болмысының жарқын бейнесі, туыстарының, қызметтес әріптестерінің, оны білетін жандардың жүрегінде мәңгі сақталады.

**Әл-Фараби атындағы  
Қазақ ұлттық  
университеті  
А.Байтұрсынұлы  
атындағы  
Қазақ тіл білімі  
кафедрасының ұжымы**

## Обсудили развитие современной судебной системы

В КазНУ имени Аль-Фараби прошла международная научно-практическая конференция, посвященная 90-летию Казахского национального университета имени Аль-Фараби и 70-летию доктора юридических наук, профессора Мусабек Алимбекова на тему «Судебная система как основа устойчивого развития казахстанского общества». Цель конференции – обсуждение проблем современной судебной системы в условиях устойчивого развития казахстанского общества. В конференции приняли участие: судьи Верховного суда РК, председатель Совета директоров КазНУ имени Аль-Фараби Кайрат Мами, председатель Союза судей РК Сакен Абдолла, руководитель Департамента судебной администрации РК по городу Алматы Ержан Кожаметов, общественный и политический деятель Загиба Балиева, ведущие ученые Казахстана и др. Перед участниками и гостями выступил ректор вуза Жансеит Түймебаев. В своей речи он рассказал о профессиональном пути и достижениях в судебной системе Мусабек Алимбекова.



Доктор юридических наук, профессор Алимбеков Мусабек Тургымбекович много лет работает в юридической сфере. Его активная жизненная позиция сформировалась еще в студенческие годы в КазГУ им. С.М.Кирова.

Начало трудового пути Мусабек Тургымбековича связано с органами юстиции и правосудия. Будучи стажером Джамбулского областного суда принимал активное участие в работе судебной системы области. В 1982 г. был избран народным судьей Центрального района города Джамбула. В течение пяти лет безупречно выполнял обязанности народного судьи. Затем работал в составе Жамбылского областного суда, выполнял обязанности заместителя председателя областного суда по гражданским делам.

В 1992 году он был назначен начальником управления юстиции Жамбылской области. Указом Президента РК назначался Председателем Южно-Казахстанского, Жамбылского, Карагандинского областных судов и Алматинского городского суда. В 2006 году постановлением Сената Парламента РК избран председателем гражданской коллегии Верховного суда. В 2009 году постановлением Сената РК избран председателем Верховного суда РК. На этом посту Алимбеков М.Т. сделал много для эффективной работы судебной системы Казахстана. В 2011 году межпарламентской Ассамблеи ЕвразЭС избран судьей Международного экономического суда ЕвразЭС и путем тайного голосования судьей был избран заместителем. В 2011 году избран председателем суда ЕвразЭС. Указом Президента РК назначался членом квалификационной коллегии юсти-

ции РК, членом Высшего Судебного Совета РК. Избран председателем Союза судей РК. Председатель общественного фонда «Мухамеда Хайдар Дулати».

Мусабек Тургымбекович со студенческих лет принимал активное участие в научной жизни. Научные интересы профессора Алимбекова М.Т. затрагивают вопросы совершенствования судебной системы, правовой культуры судей, влияние глобализации на судебную систему. В 2005 г. состоялась защита кандидатской диссертации на тему «ҚР Президенті және ТМД елдері Президенттері өкілеттіктерінің ерекшеліктері». В 2010 г. успешно защитил докторскую диссертацию на тему «Судебное правотворчество и применение гражданско-правовых норм в механизме правореализации».

Отметим следующие новаторские идеи профессора Алимбекова М.Т., которые нашли воплощение в судебной системе Республики Казахстан. Он один из первых в Казахстане сформировал предложение о необходимости специализации судей и судов. По его предложению началась реформа судебной системы. Он укрепил институт помощников судей, оптимизировал судопроизводство. Под его руководством при поддержке немецкого фонда был оборудован первый зал судебного заседания, оснащенный аудио-видео фиксацией. И впоследствии данная практика была распространена на всю страну.

Отметим значимость предложений Алимбекова Мусабек Тургымбековича о создании специального института под названием «Аналитическая группа», который может анализировать деятельность судей

по предметному и территориальному контролю в разрезе страны, области, города, района. Данная идея была реализована в Едином государственном архиве судей и Едином центре мониторинга судебных актов РК.

Профессиональная деятельность профессора Алимбекова М.Т. была отмечена государственными наградами: орденом «Парасат», почетной грамотой РК, нагрудным знаком «Золотой Барс» и другими медалями.

Является автором более 100 научных трудов. Научные статьи публикуются в научных журналах Казахстана и зарубежных стран – Германии, России, Белоруссии. Автор монографии «Судебное правотворчество и применение гражданско-правовых норм в механизме правореализации», изданной в 2010 г. Также в 2015 г. была опубликована монография «Евразийская интеграция в системе мировой глобализации: актуальные политико-правовые аспекты». Данная монография затрагивает большой спектр вопросов, касающихся будущего Евразийской интеграции.

В настоящее время профессор Алимбеков М.Т. работает на кафедре теории и истории государства и права, институционального и административного права Казахского национального университета им. Аль-Фараби. Проводит занятия в магистратуре и докторантуре.

Поздравляем профессора Алимбекова Мусабек Тургымбековича с замечательным юбилеем – 70-летием. Желаем долгих лет жизни, творческих успехов, отличных учеников.

**Алуа ИБРАЕВА,**  
профессор, доктор  
юридических наук  
**Карлыгаш УСЕИНОВА,**  
кандидат юридических наук



По прогнозам в ближайшее время отрасли национальной экономики страны будут испытывать нехватку воды. Из 6300 населенных пунктов в 17 областях Казахстана 65-70 процентов расположены в пустынной и полупустынной зоне, при этом 19,8 млн населения занимает последнее место в странах Центральной Азии по обеспеченности водой на душу населения. Водные ресурсы в основном через трансграничные реки поступают из других государств: КНР (Иртыш, Иле), стран Центральной Азии (Сырдарья, Талас, Шу), России (Волга, Урал). По данным исследования, объем водных ресурсов РК составляет 90-100 кубических км. Из них 50,8 кубических км – локальный поток. Запасы подземных вод составляют 15,5 кубических км в год. В стране много водоемов: Бухтарма, Коксарай, Нура, Капшагай, Тасоткель, Терс-Ащыбулак, Шар, Шардара и др. На сегодняшний день площадь орошаемых земель в сельском хозяйстве страны составляет 1,8 млн га, к 2025-2030 гг. планируется довести до 3 млн га.

## Возможности рационального использования водных ресурсов



80 процентов орошаемых земель расположены в основном в пяти областях южного экономического района – Жетысу, Алматы, Жамбыл, Туркестан, Кызылорда. Ограниченность водных ресурсов в Казахстане и усиление тенденции к уменьшению запасов ледников, богатых изменением климата, требуют его эффективного использования в сельском хозяйстве. Малочисленность водных ресурсов страны является главным сдерживающим фактором в развитии сельского хозяйства. Указывает на необходимость перехода к использованию результатов инноваций в экономном использовании водных ресурсов. При этом ускоренное развитие сельскохозяйственных секторов и рост экспортного потенциала не будут осуществляться без внедрения инноваций в агропромышленный комплекс страны.

Главная цель аграрной политики страны – подготовка качественных экспортно-ориентированных продуктов питания. Внедряемые инновации, то есть «умные технологии», должны дать толчок развитию агропромышленного комплекса. В развитии аграрной науки принимает непосредственное участие в платформе создания инновационной базы данных КазНУ имени Аль-Фараби. Приоритетными направлениями повышения эффективности использования водных ресурсов в сфере сельского хозяйства должны быть: выращивание маловодных культур, капельное орошение; использование ре-

зультатов отечественных исследований в производстве культур и видов скота и семян, дальнейшее развитие инновационных дорожных карт и цифровизации; регулирование порядка забора подземных вод; рациональное размещение водозаборных скважин по территории; определение показателей водопользования; обеспечение добровольного выхода воды на поверхность установка артезианских скважин; анализ и оценка водоснабжения отраслей экономики, выявление недостатков и определение мер по их устранению; определение имеющегося объема водных ресурсов, их качества и наличия прав на их использование; разработка основных направлений совершенствования водопотребления, водоснабжающих и водоохраных технологий; создание общественных фондов и их использование для восстановления и охраны водных объектов. Направления рационального использования приведенных водных ресурсов основаны на развитии отраслей национальной экономики страны.

Профессорско-преподавательский состав кафедры менеджмента, поддерживая послание Главы государства, определяющее приоритетные направления развития экономики страны, вкладываем все свои знания и опыт в ее реализацию.

**Аналбек АБРАЛИЕВ,**  
д.э.н.  
профессор кафедры менеджмента

## Научное сотрудничество тюркологов и алтаистов

Научные исследования являются важной частью академической жизни и обеспечивают прогресс в различных областях знания. В рамках этого контекста стажировки магистрантов и докторантов в научных институтах при университетах становятся ключевым моментом формирования будущих специалистов. Одним из примеров такого сотрудничества является сотрудничество между Евразийским национальным университетом имени Л.Н.Гумилёва (ЕНУ) и Научно-исследовательским институтом тюркологии и алтаистики при КазНУ им. Аль-Фараби.

Сотрудничество между ЕНУ и НИИ тюркологии и алтаистики создает уникальную среду для развития молодых ученых. По мнению Кудайбергенова Ерасыла Елдосулы, студента магистратуры кафедры тюркологии ЕНУ, он обрел важный и необходимый опыт работы с редкими книгами в НИИ тюркологии и алтаистики, получил все необходимые консультации и за период прохождения стажировки с 29 ноября по 14 декабря смог найти необходимые материалы по теме своего исследования. Научным руководителем магистерской диссертации является известный тюрколог – М.К.Ескеева, доктор филологических наук, профессор, заведующий кафедрой тюркологии ЕНУ.

Исследовательская работа в ходе стажировки проходила под кураторством директора НИИ тюркологии и алтаистики, профессора Н.Ж.Шаймерденовой. Ею были тщательно подобраны труды, связанные с вы-



бранной темой диссертационной работы магистранта, а также проведены лекции по темам запланированных статей по лексикологии тюркских языков.

Кроме работы с научной литературой, стажировка предполагает участие в семинарах и конференциях, написание статей различного формата (имиджевых, научных, информационных). Во время стажировки магистранты получают возможность ознакомиться с огромным количеством трудов, связанных с тюркскими языками, включая труды из личной библиотеки выдаю-

щегося тюрколога и слависта, доктора филологических наук, профессора Московского государственного педагогического университета И.Г.Добродомова. Ценная библиотека ученого была подарена НИИ тюркологии и алтаистики в мае 2023 года. Стажировка магистрантов становится не только мостом между образова-

нием и наукой, но и ключевым этапом в формировании квалифицированных специалистов, способных вносить вклад в изучение и сохранение культурных богатств тюркских и алтайских народов. Выполненная в стенах исследовательского института работа поможет студентам пополнить знания в сфере языкознания и улучшить навыки работы в научной среде.

**Джемма АМАНЖОЛОВА,**  
старший научный сотрудник НИИ тюркологии и алтаистики КазНУ имени Аль-Фараби

## Начало плодотворного сотрудничества

Ученые Казахского национального университета им. Аль-Фараби кандидат филологических наук М.Мукашева и кандидат филологических наук, доцент О.Ошанова посетили Школу журналистики и новых медиа Сианьского государственного университета Цзяо Тун.



Сианьский университет Цзяо Тун – это государственный университет под руководством Министерства образования КНР, он входит в лигу С9, ассоциацию самых лучших, элитных вузов Китая. В данном вузе обучаются более 45 000 студентов, магистрантов и докторантов. Среди них представители Казахстана, Пакистана, Малайзии, России, Бангладеш, Непала.

В ходе визита казахстанские ученые прочитали лекции для студентов и преподавателей Школы журналистики и новых медиа, посетили библиотеку, учебные лаборатории и телестудии университета. А также состоялась встреча представителей КазНУ им. Аль-Фараби с представителями Сианьского университета, в которой приняли участие декан Школы журналистики и новых медиа Ма Чжун, заместитель се-

кретаря ячейки У Фен, заместитель директора отделения социальных наук Чжан Жипэн, заместитель главного редактора издательства университета Цинь Маошэн, директор отдела образования и управления международными студентами Чжан Сяоцзин, заместитель директора Азиатско-Европейского исследовательского центра Чжу Сюй, заместитель директора и секретарь ячейки Института идейно-политических исследований Школы марксизма Лю Чаньцзюнь, высший редактор издательства Сианьского университета и от Школы журналистики и новых медиа – заведующий кафедрой международных коммуникаций Ян Фан, ассоциированный профессор кафедры международных коммуникаций Лю Янь, ассоциированный профессор кафедры коммуникаций Шэнь Сяо,

ассоциированный профессор кафедры международных коммуникаций Чжао Хуайин.

В ходе встречи были обсуждены возможности реализации программы академической мобильности студентов, магистрантов и докторантов, обмен опытом работы и стажировки профессорско-преподавательского состава, проведения совместных исследований в области СМИ и новых медиа, публикации статей в научных журналах двух вузов, издание учебных пособий и учебников ведущих педагогов. Коллеги из Сианьского университета передали в дар научной библиотеке КазНУ им. Аль-Фараби книги и журналы.

**Маншук МУКАШЕВА,**  
кандидат филологических наук, академик Международной Евразийской академии телевидения и радио



# Ұстаздық еңбектің жемісті жолы

Қазақ халқының тәуелсіздік алу жолында, өзгелерден кем болмай, терезесі тең әрі қуатты мемлекетке айналу үшін білімді әрі білікті тұлғалардың жолын жалғастырып, бүгінде қариялыққа қадам басқан ұстаздардың ғұмыр жолын жас ұрпаққа кеңінен таныстырып отыру болашақ ұрпаққа тәлім мен тәрбие берудің негізін құрайды. Ел басына күн туған, Екінші дүниежүзілік сұрапыл соғыс жылдары өмірге келіп, жастайынан тауқыметтің бәрін көрсе де, еліміздің болашағына қалтқысыз қызмет етуден таймай келе жатқан, бүгінде сексеннің сеңгіріне шыққан қариялардың өнегелі өмірін білім ордасының механика-математика факультетінің тынысынан аңғаруға болатындай. Осыған орай, кемел ойымен, байсалды мінезімен құрметке бөленіп жүрген әріптесіміздің бірі Жеңісбай Жаңабеков жас ұрпаққа үлгі берерлік өмір белестерін баяндап, мерейтойына ықыласты лебіз білдіруді жөн санадық.



және Жоғары математика кафедралары меңгерушілерінің Мәскеу қаласында өткен бүкілодақтық семинар-кеңесіне (1985 ж.) қатысуы өңгімеге арқау болып отырған азаматтың өресінің биіктігін білдіргендей. Ал 1984-90 жылдары Теміртау қаласындағы «Қазметаллургия» комбинаты жанындағы зауыт – ВТУЗ жоғары оқу орнында Жоғары математика кафедрасының меңгерушісі болып жұмыс істеген кезеңде бұл кісінің кейіннен тәуелсіз республикамыздың тізгінін ұстаған тұлғалардың сол ортадан қанат қағуына себепкер болғаны мәлім. Осындай қажырлы қызмет нәтижесінде Жеңісбай ағаға 1987 жылы ВАК (Бүкілодақтық аттестация комиссиясы) «Жоғары математика» мамандығы бойынша доцент ғылыми атағын берді.

Табандылықты талап ететін ғылыми-педагогикалық қызметпен қатар, жан жарының ұзаққа созылған ауыр науқасына шипа іздеп, үш баланы қатарынан қалдырмай тәрбиелеу қиындығына мойымай, нардың жүгін арқалаған ағамыз 1990 жылдан бастап Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Жоғары математика, Математикалық талдау, Іргелі математика, Математика кафедраларының доценті, ал 2021 жылдан бері Математика кафедрасының профессоры міндетін атқарушы қызметінде. Ұстаздықты ұлықтаған тәлімгер қаламынан 40-тан астам ғылыми-әдістемелік жұмыс, ішінде алты оқу құралы, атап айтқанда: «Психологиядағы математикалық әдістер» (2003 ж.), «Математические методы анализа в психологии» (2005 ж.) атты сүбелі кітаптары жарық көрді. Scopus журналдарына екі мақаласы (1977 ж., 2020 ж.) шықты.

Сексеннің сеңгіріне шығып, еліне елеулі үл мен қыз тәрбиелеген Жеңісбай Жаңабековке ұстаздық еңбегінің жемісті жолы жалғаса беруіне тілектеспіз!

**Қанжарбек  
БАЛТАБАЙҰЛЫ,**  
Математика кафедрасының  
меңгерушісі

**Төлеухан ШОЙБАСҰЛЫ,**  
доцент

Бүгінде қазақ жастарының арасында білікті маман болу үшін міндетті түрде шетелде білім алу керек деген теріс көзқарас қалыптасқан секілді. Иә, шетелдік ЖОО тарихының терең екеніне, тиісінше материалдық базасы мен ғылымға құятын қаржысының да қомақты екеніне дау жоқ. Дегенмен білікті мамандар тек шетелде ғана бар деу қате пікір. Бүгінде елімізде де жоғары білімді кадрларды даярлайтын оқу орындары жетерлік. ҚазҰУ да жыл сайын шетелдік ЖОО-лармен қоян-қолтық жұмыс істеудің арқасында әлемдегі танымал оқу орындарында бар технологиялар мен мүмкіндіктерді студенттеріне ұсынып отыр.

## Шетелдік студенттер саны артып келеді



ҚазҰУ-да тұрақты түрде өткізілетін түрлі өнер байқаулары болсын, ғылыми жобалар байқауы болсын, студенттердің білімін шыңдап, ұстаздардың біліктілігін арттыруда оң әсерін тигізуде. Мұндай байқаулар студенттердің өмірін қызықты әрі белсенді етіп қана қоймай, жан-жақты дамуына жақсы әсер етеді.

Бүгінде ҚазҰУ-да жыл сайын шетелдік студенттер саны артып келеді – әлемнің 50 елінен 2,5 мыңнан астам шетелдік бакалавриатта, магистратурада және докторантурада білім алуға. Бұл да болса университеттің студенттеріне жасаған жайлы жағдайы мен берілетін сапалы білімнің бірден-бір көрінісі.

ҚР Үкіметінің қаулысымен Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне «зерттеу университеті» мәртебесі берілді. Бұл дегеніміз – енді ЖОО әлемдік деңгейдегі зерттеу университетіне айналып, халықаралық ғылыми-білім беру кеңістігінде өз орнын алады деген сөз. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің 2023-25 жылдарға арналған ғылыми және ғылыми-техникалық жобаларын гранттық қаржыландыру конкурсында университет ғалымдары 75 жобаны жеңіп алуы осының дәлелі болса керек. Ыстамбұл және Бішкек қалаларында ҚазҰУ филиалы ашылуы еліміздегі

тұрақтылық пен ынтымақтастықтың дәлелі емес пе?

Бір жыл ішінде ҚазҰУ бірқатар индикаторлар бойынша позицияларын жақсартты. 2013 жылдан бастап жыл сайын шығарылатын THE AUR рейтингі Азияның үздік университеттерін көрсетеді. Биыл бұл рейтингке Азия өңірінің 1000-ға жуық университеті қатысты. Олардың арасында Синхуа университеті, Пекин университеті, Сингапур ұлттық университеті, Гонконг университеті сияқты т.б. әлемдік аты бар жоғары оқу орындары бар.

ҚазҰУ озық ғылыми ұйымдармен және әлемнің танымал жоғары оқу орындарымен жемісті ынтымақтастық пен коллаборацияның арқасында THE AUR рейтингінде өз позициясын нығайтты.

Әлемдік ЖОО бір позицияға жылжу үшін бірнеше жылды сарп ететінін ескерсек, біздің ҚазҰУ-дың бір жыл ішінде бірден 50 позицияға жылжып, жақсы нәтиже көрсетуі үлкен көрсеткіш.

Сонымен қатар ҚазҰУ Білім сапасын қамтамасыздандыру бойынша тәуелсіз агенттік (IQAARanking) рейтингінде отандық ЖОО-лар арасында бірінші және үздік университет болып танылды.

**Қарлығаш  
АЙСҰЛТАНОВА,**  
ф.ғ.к.



# Мерейтойлық жыл салтанатты түрде ашылды



ҚҰРЫЛТАЙШЫ:  
Эл-Фараби атындағы  
Қазақ ұлттық университеті

Эл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық  
университетінің  
Басқарма Төрағасы – Ректоры  
Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ

Ақпарат және коммуникациялар  
департаментінің директоры  
Қаншайым БАЙДӘУЛЕТ

Бас редактор: Гүлнар ЖҰМАБАЙҚЫЗЫ  
Жауапты хатшы-дизайнер: Талғат КІРШІБАЕВ  
Тілшілер: Қайыржан ТӨРЕЖАН,  
Гүлзат НҰРМОЛДАҚЫЗЫ,  
Нұрбек НҰРЖАНҰЛЫ  
Фотогилші: Марат ЖҮНІСБЕКОВ  
Корректор: Күләш ҚАДЫРБАЕВА

МЕКЕНЖАЙЫ:

- 050040, Алматы қ., Эл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 3-қабат, №305, 307 бөлме. Байланыс телефоны: 377-33-30, ішкі: 32-27, 32-28, тікелей: 377-31-48.
- Электронды мекенжай: [kaznugazeta@gmail.com](mailto:kaznugazeta@gmail.com)
- Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Everest» баспаханасында басылды.

Кезекші редактор: Нұрбек НҰРЖАНҰЛЫ

Бағасы келісім бойынша.

Газетке жазылу индексі: 64787

Таралымы – 3000

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Qazaq universitetine» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.